

УДК 616.9

Қ.Н. Тусупова

Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті,  
Апат медицинасы және жұқпалы аурулар кафедрасы**ҚОЗДЫРҒЫШТАР СЕРОВАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ САЛЬМОНЕЛЛЕЗДІҢ  
КЛИНИКАЛЫҚ АҒЫМЫН СИПАТТАУ**

Сальмонеллездің гастроинтестинальды түрінің түрлі варианттарының қоздырғыштар түріне және өту деңгейіне байланысты клиникалық сипаттамасы берілген. Клиникалық ерекшеліктері анықталған.

**Негізгі сөздер:** сальмонеллез, клиника, сероварлар, ауырлық дәрежесі.

Бөліп алынған сальмонелла ішінде жиі Salmonella enteritidis (49,3%), сирек Salmonella typhimurium (44,0%), Salmonella Newport (4,7%) және сероварлары анықталмаған сирек топтағы Salmonella-лар (2,0%).

Salmonella enteritidis қоздырғышымен шақырылатын сальмонеллез гастроэнтериттік нұсқаны (66,2%), ал

Salmonella typhimurium -гастроэнтероколиттік (68,1%) нұсқаны шақыратынын көрсетті.

Сальмонелланың әртүрлі сероварларымен инфицирленген науқастарды ауруының ауырлық дәрежесі бойынша жіктеу 1-ші сызбанұсқада көрсетілген.

Кесте1.

**Қоздырғыштың сероварынан байланысты сальмонеллездің клиникалық ағымы.**

Ағымының ауырлығы	Серовар Salmonella enteritidis		Серовар Salmonella typhimurium	
	Абс. саны	%	Абс. саны	%
Жеңіл	16	21,6	8	12,2
Орташа ауыр	38	51,4	27	40,9
Ауыр	20	27,0	31	46,9

1-ші сызбанұсқаға сүйенсек, Salmonella enteritidis бен шақырылған сальмонеллез науқастарында (51,4%) орташа ауырлық ағым, (27%) сирек ауыр ағым және (21,6%) жеңіл ағым анықталды Salmonella typhimurium-мен шақырылған сальмонеллез науқастар тобында, ауру басым көпшілікте (46,9%) ауыр ағымда және (40,9%) орташа ауырлықта және сирек - (12,2%) жеңіл ағымда өтті.

Қоздырғыштың сероварына байланысты сальмонеллездің клиникалық көрінісі 3-ші сызбанұсқада көрсетілген, бұдан Salmonella typhimurium-мен шақырылған альмонеллезбен науқастарда интоксикация симптомдары аса жиі байқалмаған.

Сонымен, бұл науқастарда Salmonella enteritidis-бен шақырылған сальмонеллез науқастарына қарағанда жиі дене қызуының көтерілуі (1,1 рет), қалтырау (1,8 рет), әлсіздік (1,2 рет), бас ауыруы (1,5 рет), бас айналу (2,5 рет), селкостық, адинамия (1,3 рет) байқалған.

Екі топта да басым көпшілігінде абдоминальды ауырсыну симптоматикасы анықталған, бірақ, орналасудың ерекшелігі қоздырғыштың сероварына байланысты. Сонымен, Salmonella enteritidis-бен шақырылған түрінде ауырсыну жиі кіндік аймағында, оң жақ мықын аймағында, ал Salmonella typhimurium

кезінде сол жақ мықын аймағында және іштің барлық аймағында көрінген.

Диарея Salmonella enteritidis сероварымен шақырылған науқастарда сасық иісті, көп көлемде, 1,2 есе жиі, Salmonella typhimurium-мен шақырылған сальмонеллез науқастарында қан және шырыш араласқан 3,0 есе жиі кездескен. Іштің кебуі және шұрылдауы жиі Salmonella enteritidis сероварында байқалған.

Сальмонеллезбен науқастарды тексеру кезінде басқа симптомдарға қатысты кездесу жиілігінің басым ерекшеліктері қоздырғыштың сероварына байланысты байқалмаған.

Қорытындылай келгенде, Salmonella enteritidis қоздырғышымен шақырылатын сальмонеллез гастроэнтериттік нұсқаны (66,2%), ал Salmonella typhimurium -гастроэнтероколиттік (68,1%) нұсқаны шақыратынын көрсетті.

**Әдебиеттер:**

1. Дүйсенова А.Қ. Зоонозды инфекциялар: оқу әдістемесі / А. Қ. Дүйсенова. - Алматы: Эверо, 2009. - 169 с.

**Резюме****КЛИНИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА САЛЬМОНЕЛЛЕЗА В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СЕРОВАРОВ САЛЬМОНЕЛЛ**

К.Н. Тусупова

Государственный медицинский университет города Семей

Исследованы особенности клинического течения различных вариантов гастроинтестинальной формы сальмонеллеза в зависимости от сероваров и степени тяжести. Выявлены клинические особенности.

**Ключевые слова:** сальмонеллез, клиника, серовары, тяжесть течения.

**Summary****CLINICAL CHARACTERISTIC OF DIFFERENT VARIANTS OF SALMONELLOSIS  
ACCORDING TO SEROVARANTS OF SALMONELLA**

K.N. Tusupova

Semey State Medical University

Clinical course of different variants of gastrointestinal form of salmonellosis according to serovariants are studied. Clinical specific features are revealed.

**Key words:** salmonellosis, clinic, serovariants, studied.